Құбылмалы қазан…

Қазан айының басы республиканың басым бөлігінде жаңбырлы болды. Бұл Оңтүстік циклонның атмосфералық фронттарының өтуімен байланысты. 1–6 және 8 қазан аралығында елдің оңтүстігінде, оңтүстік-шығысында және шығысында қатты жаңбыр жауды. 4 қазанда Түркістан облысындағы Шолаққорған метеорологиялық станциясында (бұдан әрі – МС) 20 мм жауын-шашын тіркелді (норма – 13 мм), ал Жамбыл облысындағы Саудакент МС-да 19 мм жауды (норма – 17 мм). 5 қазанда Алматы облысының таулы аудандарында 43 мм-ге дейін жауын-шашын түсті. Алайда айлық нормадан асу байқалған жоқ: Алматы МС-да – 29 мм (норма – 50 мм), Медеу автоматты метеорологиялық станциясында (АМС) – 34 мм, Каменское Плато МС-да – 43 мм (норма – 64 мм), Есік АМС-да – 30 мм (норма – 49 мм). 7 қазанда Шығыс Қазақстан облысындағы Самарка МС-да қатты жаңбыр жауып, 23 мм жауын-шашын тіркелді (норма – 35 мм).

Айдың екінші және үшінші онкүндіктерінде Қазақстан аумағында антициклондық ауа райы басым болып, жауын-шашын мөлшері нормадан аз болды. Тек елдің шығыс өңірлерінде ауа райы құбылмалы сипатта сақталды. Айдың ортасында таулы аудандарда алғашқы қар жауды. Ал үшінші онкүндіктің басында қалың қар түсті: 21–22 қазанда Лениногорск МС-да 14 мм (норма – 62 мм), 23 қазанда Марқакөл МС-да 19 мм (норма – 50 мм), Үлкен Нарын МС-да 15 мм (норма – 38 мм) жауын-шашын тіркелді. Сондай-ақ елдің оңтүстік-шығысында алғашқы қар жауып, бірден қалың қарға ұласты. 23 қазанда Лепсі МС-да 13 мм жауын-шашын түсті (норма – 56 мм).

Ай бойы еліміздің басым бөлігіне Иран аймақтарынан жылы ауа массалары келіп, жекелеген күндері, әсіресе батыс және оңтүстік өңірлерде жаздағыдай ыстық ауа райы байқалды. Күндіз ауа температурасы батыс және оңтүстік-батыс өңірлерде +18…+27°С-қа дейін, оңтүстік пен оңтүстік-шығыста айдың басында +31°С-қа дейін, ал солтүстік, солтүстік-батыс, шығыс және орталық өңірлерде +10…+20°С-қа дейін көтерілді. Алайда айдың екінші және үшінші онкүндіктерінде еліміздің шығыс жартысына Батыс Сібір аймақтарынан салқын ауа массалары келе бастады. Соның салдарынан ауа температурасы төмендеді. Орталық, шығыс және оңтүстік-шығыс өңірлерде түнгі ауа температурасы −3…−15°С-қа дейін төмендеді. 25 қазанда Жетісу облысындағы Лепсі МС-да ауа температурасы −19,9°С-ты көрсетті.

Айдың бірінші онкүндігінде Қазақстан аумағында екпіні 15–28 м/с-қа дейін жететін күшті жел жиі байқалды. Елдің оңтүстік-шығысында 5–6, 9, 15 және 21 қазанда Достық АМС-да екпіні 30–41,5 м/с-қа дейін жететін өте күшті жел тіркелді.

Астана қаласында айлық орташа ауа температурасы +6,1°С болды. Бұл климаттық нормадан 1,1°С-қа жоғары (норма – +5,0°С). Ең жоғары ауа температурасы 2 қазанда тіркеліп, +17,7°С-ты құрады. Елордада ең төменгі ауа температурасы 25 қазанда байқалып, −5,0°С-қа дейін төмендеді. Бір айда 31 мм жауын-шашын түсті, бұл айлық нормаға жуық (норма – 26 мм).